Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Шығыстану факультетінің докторанты
Койбакова Айжан Съездовнаның
Қытай ономастикалық атауларын қазақ-латын графикасында транслитерациялаудың лингвистикалық негіздері» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысына

ШЕТЕЛДІК ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ
пікірі

Қазіргі жаһандану жағдайында халықаралық ғылыми, мәдени және ақпараттық кеңістікте ономастикалық атауларды бірізді және ғылыми негізде беру мәселесі ерекше маңызға ие болып отыр. Ұсынылып отырған диссертациялық жұмыс дәл осы мәселеге арналған және қытай ономастикалық атауларын латын графикасында таңбалаудың лингвистикалық, фонологиялық және орфографиялық негіздерін жүйелі түрде қарастырады. Зерттеу тақырыбы қазіргі тіл саясаты, халықаралық коммуникация және ұлттық орфография мәселелерімен тығыз байланысты болғандықтан, ғылыми және практикалық тұрғыдан өзекті деп санаймыз.

Диссертациялық жұмыста қытай және қазақ тілдерінің фонологиялық жүйелері салыстырмалы тұрғыдан талданып, қытай тілінің буындық құрылымы, Пинин транскрипциялық жүйесінің дыбыстық ерекшеліктері және олардың қазақ тіліндегі графикалық бейімделу мәселелері жан-жақты зерттелген. Автор қытай ономастикалық атауларын қазақ-латын графикасында транслитерациялау барысында туындайтын негізгі фонетикалық және орфографиялық қиындықтарды анықтап, оларды шешудің ғылыми негізделген жолдарын ұсынады. Сонымен қоса жұмыста Түркия мен Өзбекстан тәжірибесі де назардан тыс қалмай, латынға көшкен бұл елдерде қытай жалқы есімдері қалай жазылатыны талданады.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы зерттеу логикасына толық сәйкес келеді. Жұмыс кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Әрбір тарауда қойылған ғылыми міндеттер жүйелі түрде шешіліп, зерттеу нәтижелері нақты ғылыми тұжырымдармен негізделген.

Қорытындылай келе, «Қытай ономастикалық атауларын қазақ-латын графикасында транслитерациялаудың лингвистикалық негіздері» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмыс қазіргі тіл біліміндегі өзекті мәселелердің бірін қарастыратын, теориялық және практикалық тұрғыдан маңызды ғылыми зерттеу. Автор зерттеу барысында қойылған ғылыми мақсаттар мен міндеттерді толық орындап, ғылыми жаңалығы бар нақты нәтижелерге қол жеткізген. Осыған байланысты диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының ғылыми дәрежелер беру талаптарына толық сәйкес келеді деп есептеймін және оның авторы тиісті ғылыми дәрежені алуға лайық деп санаймын.

Prof. ARVAS Abdulselam //қолы//

Хаджетеппе университеті
(Анкара, Түркия)